



Сыр бойы

№134-135 (21010-21011) 6 қыркүйек, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ КӨРСЕТІЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 қыркүйекте өтетін Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына Жолдауын жариялайды. Бұл туралы Ақорда мәлім етті.

«Жиынға Сенат пен Мәжіліс депутаттары, орталық мемлекеттік органдар басшылары, Ұлттық құрылтай мүшелері, қоғам өкілдері мен еңбеккерлер қатысады. Мемлекет басшысының Жолдауы сағат 11:00-ден бастап республикалық телеарналардан, сондай-ақ Ақорданың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларынан тікелей эфирде көрсетіледі» делінген хабарламада.

/// ПРЕЗИДЕНТ

МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРІСІ БАСТЫ РӨЛГЕ ИЕ БОЛА БЕРМЕК



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ саласының қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтады. Ақордада өткен салтанатты жиында Президент сөз сөйлеп, ел экономикасының аса маңызды саласын дамыту туралы нақты жобаларды атап өтті.

– Сіздер осы салада адал еңбек етіп, мемлекетіміздің дамуына мол үлес қосып келесіздер. Бұл нағыз еңбек адамдарына тән қасиет деп санаймын. Жалпы, еліміздегі мұнай-газ өнеркәсібінің өзіндік дәстүрі, бай тарихы бар. Осы саланың қалыптасып, өркендеуіне бірнеше буын өкілдері зор еңбек сіңірді. Сіздерді аға буынның лайықты ізбасары деуге болады. Қазір мұнай-газ саласында екі жүз мыңнан

астам адам жұмыс істейді. Сіздердің табанды еңбектеріңіздің арқасында Қазақстанымыз өркендеп, көркеюде. Мен мұны жоғары бағалаймын. Бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент былтыр қазақ мұнайының 125 жылдығы аталып өткенін еске салып, биыл да осы сала үшін айтулы жыл екеніне тоқталды.

– Атырау мұнай өңдеу зауытының ашылғанына 80 жыл толды. Шымкент мұнай өңдеу зауытына 40 жыл, ал «QazaqGaz» ұлттық компаниясына 25 жыл толып отыр. Бұл мерекелік күндер еліміздің мұнай-газ саласының мән-маңызын көрсетеді. Мұнай мен газ – стратегиялық маңызы бар ресурс, бұл – жұртшылыққа белгілі дерек. Себебі бұл сала еліміздің өсіп-өркендеуіне айрықша ықпал етті. Тәуелсіздік жылдары қара алтынның игілігін молынан көрдік. Қазіргі таңда бұл сала қарқынды дамып келеді. Қазақстан әлемдік мұнай нарығындағы жетекші мемлекеттің бірі саналады.

2-бет

**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

ТЕМІРДІ ӨНДЕУГЕ ЕПТІЛІК ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысының бастамасымен «2025 – Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды. Оның себебі, қоғамда жылдан-жылға бұл мамандықтардың тапшылығы байқалып отыр.

Жасыратыны жоқ, қазіргі жастардың қарапайым жұмысшы мамандығына қызығушылығы төмен. Алайда ауыл шаруашылығы, құрылыс, жол-көлік және коммуналдық салаларда бұл мамандардың орны бөлек. Сондықтан жұмысшы мамандарды даярлауға мемлекеттік деңгейде мән беріліп отыр.

Жалағаш кентінің тұрғыны Айдарбек Жанұзақов кәсіпкерлік бөлімінің қолдауымен жеңілдетілген несие рәсімдеп, темір бұйымдарын дайындауды қолға алды. Қазір ол КамАЗ автокөлігінің жүк тиегішін (кузовын) жасаумен айналысады. Бүгінде облыс аумағынан тапсырыстар қабылдап, орындап жатыр. Бұдан бөлек, тұрғындардың сұранысына орай тұрмыстық бұйымдар, құрал-саймандар да әзірленеді.

– Көліктің жүк тиегіші мықты болуы керек. Оған қажетті тауарды облыс орталығынан аламыз. Әсіресе, егін-терім маусымында жұмыс қарқынды жүреді. Кейде өзге өңірлерден де тапсырыс түсіп жатады. Біздің мақсатымыз – тұтынушыға сапалы қызмет көрсету.

Кәсіпті енді бастап жатырмын. Алдағы уақытта аудандағы арнайы әзірленген «Серпін» өндірістік аумағынан жер алып, жұмыс ауқымын кеңейту жоспарымда бар, – дейді А.Жанұзақов.

Сырттай қараған адамға, көліктің жүк тиегіші сияқты ауыр бұйымды жасау оңай емес көрінеді. Ұста жігіттің айтуынша, темір бұйым жасауда оның сапалы болуы қолданылған тауардан бөлек, дәнекерлеуге де көбірек байланысты.

– Кейде көпшілік қазақ жігіттері жалқау деп сын айтып жатады. Өзім бұл сөзге келіспеймін. Еңбектің көзін тауып, ағаштан ою ойып, темірден түйін түйіп, елге қызмет етіп жүрген жігіттер аз емес, – дейді ол.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**

/// «ДАЛА КҮНІ – 2025»

СЫРДЫҢ СӘНІ – КҮМІС ДӘН



Суретті түсірген: Бағдат ЕСЖАНОВ

Дәстүрлі «Дала күні» өтті. Сырда күрішке жаппай орақ түсті. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің қатысуымен Жалағаш ауданы Т.Жүргенов ауылында күрішке алғашқы орақ салу рәсімі өтті. Оған департамент, басқарма, инспекция басшылары, аудан әкімдері, облыстың зиялы қауымы мен шаруа қожалықтарының жетекшілері қатысты.

Облыс әкімі еңбеккерлерді шешуші науқанның басталуымен құттықтап, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Бұл – диқандардың еккен бір дәні мың дән болатын, халықтың ризық-несібесі қамбаға құйылатын жауапты да салтанатты шақ. Биыл облыс бойынша 189600 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, оның ішінде күріш 80900 гектар болды. Кейінгі жылдардағы су тапшылығының кері әсерін Сыр диқандары қатты сезініп келеді. Осы жылы вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысы Олжас Абайұлының, Үкімет мүшелерінің бастамасымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен дер кезінде келіссөздер жүргізіліп, үлкен қолдау жасалды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкімет резервінен 53 жылжымалы-дизельді насос алуға 1 млрд теңге бөлініп, насостардың алғашқы легі жеткізіліп, шаруалар игілігіне пайдаланды.

Төтенше жағдайлар министрі еліміздің барлық өңірінен 139 қызметкерден құралған жеке құрамды, 25 дизельді қондырғыны көмекке жеткізді, екі ай бойы су тапшылығы қалыптасқан аумақтарда уақытпен санаспай жұмыс атқарды.

Аймағымызда арнайы жұмыс топтары құрылып, суды тиімді пайдалану мақсатында егістікті кезектесіп суару мен қашыртқыдағы суды екінші рет пайдалануды жолға қойдық. Осындай қиындықтарға қарамастан, күріш көлемін барынша шығынсыз сақтауға қол жеткіздік.

2-бет

МҰНАЙ-ГАЗ ӨНДІРІСІ БАСТЫ РӨЛГЕ ИЕ БОЛА БЕРМЕК

Егемендік кезеңінде еліміздегі мұнай өндірісі төрт есе өсті. Жакын арада мұнай өндіру көлемін жылына 100 миллион тоннаға жеткіземіз, – деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Қазақстан шикізат өндірумен қатар, оны терең өңдеуге баса мән беретінін айтты.

– Бұл бағытта нақты жұмыс істеліп жатыр. Атырау, Павлодар, Шымкент қалаларында орналасқан үш ірі мұнай өңдеу зауыты жаңғыртылды. Соның арқасында біз ішкі нарықты сапалы жанар-жағармаймен толық қамтамасыз етіп отырмыз. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде 13 миллионға жуық адам табиғи газға қол жеткізді. Қазір бұл бағытта бұрын-сонды болмаған ауқымды жобалар іске асырылуда. Қашағанда жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы жүріп жатыр. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырының екінші желісі салынуда. Сондай-ақ біз қосымша құны жоғары өнімдер шығаруды қолға алдық. Мұнай-газ химиясы саласында бірқатар ірі жобаны іске қосамыз. Мұның бәрі 20 мыңға жуық жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Соның ішінде полиэтилен зауытын ерекше атап өткім келеді. Бұл – шетел инвесторларымен бірге іске асырылып жатқан маңызды жоба. Инвестиция көлемі 7 миллиард доллардан асады. «Қаламқас-теңіз» және «Хазар» секілді ірі теңіз кен орындарын игеру басталды. Алты миллиард доллардан астам инвестиция салынады. Теңіз платформаларының құрылысын отандық кеме құрастырушы кәсіпорындар жүргізеді. Бұл Қазақстанның мұнай-газ саласындағы үлкен оқиға болмақ. Аталған жобалардың бәрі энергетикалық әлеуетімізді нығайтып қана қоймай, ел экономикасының қарыштап дамуына ықпал етеді. Мұның игілігін барша халық көреді, – деді Президент.

Сонымен қатар мемлекет экономиканың түрлі саласына шетел инвестициясын жүйелі түрде тарту жұмысына ерекше назар аударып отырғанын жеткізді.

– Осы ретте жақында өткен Қытайға сапарымды атап өткім келеді. Бұл сапар шын мәнінде өте жемісті болды. Екі елдің арасындағы стратегиялық серіктестікке мықты әрі тың серпін берді. Екіжақты келіссөздердің күн тәртібі ауқымды және ең бастысы Қазақстанның ұлттық мүдделеріне, ең алдымен, экономика саласындағы мүдделеріне тікелей байланысты болды. Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинмен әңгімелесу кезінде мәңгілік достық пен стратегиялық серіктестік рухындағы жан-жақты ынтымақтастықа ерекше мән берілді. Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің кезекті отырысының қорытындысы бойынша жалпы сомасы 15 миллиард доллар болатын жетпістен астам коммерциялық құжатқа қол қойылды. Қытайлық серіктестермен бірге мұнай-газ саласында көптеген жоба жүзеге асырылып жатыр. Сондай-ақ стратегиялық сипаттағы жаңа жобалар жоспарланған. Оның ішінде Ақтөбе облысында карбамид шығаратын газ-химия кешенінің құрылысы жөнінде CNPC компаниясымен жасалған келісімді ерекше атап өткім келеді. Жоба құны 1 миллиард доллардан асады. Атырау облысында этан және пропан тасымалдауға арналған магистральді құбыр құрылысын қаржыландыру бойынша Қытай даму банкімен жасалған уағдаластықтың да маңызы зор. Келісімнің жалпы сомасы – 530 миллион долларға жуық. Біз барлық халықаралық инвесторлармен ықпалдастықты тереңдетуге әрдайым баса мән береміз. Мұнай-газ саласында америкалық, ресейлік, еуропалық және қытайлық корпорациялармен көп жылдар бойы жалғасып келе жатқан серіктестік – соның айқын дәлелі, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, әлемдегі мұнай-газ саласы көптеген мемлекет пен белгілі сарапшылардың жігі бақылауында. Саланың келешегі оның жаһан экономикасының даму перспективасына ықпал етуі тұрғысынан талқыланып жатыр.

– Менің пайымдауымша, көмірсутегі дүние жүзінің энергетика нарығында, сәйкесінше, Қазақстанның энергетика саласында бұрынғыдай басты рөлге ие бола береді. Бірқатар елдің, соның ішінде еуропалық мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, балама қуат көзі қажеттілікті толық өтей алмайды. Бұдан бөлек, өнеркәсіпте, соның ішінде электр стансаларының құрылысында көмірді запарсыздандыратын озық технологияны пайдалануға баса мән беру қажет. Қазақстанның энергия балансында көмірдің үлесі 70 пайызға жуық екені мәлім. Еліміз көмір өндіруден он ірі елдің қатарына кіреді. Бұл артықшылықтан бас тартпаған жөн. Керісінше, оны тиімді пайдалану керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте сондай-ақ, отандық мұнай-газ кешенінің алдында технологиялық жаңғыру, атап айтқанда, жасанды интеллекттің енгізу міндеті тұрғанын жеткізді. Бұл өте өзекті.

– Заманауи технологиялар мұнай және мұнай өнімдерін өндіру, тасымалдау және қайта өңдеу ісін онтайландыруға ықпал ету қажет. Отандық мұнай-газ өнеркәсібі заманауи үрдістерге сай болуы керек. Сондықтан осы салаға таза және озық технологияларды енгізу өте маңызды. Геологиялық барлау жұмыстарын күшейтіп, жаңа кен орындарын ашуға баса мән беру керек. Бұған қоса осы салаға білімді, жас кадрларды тартып, адам әлеуетін барынша арттыру қажет. Себебі жаһандық бәсекесіе қабілетті болу үшін бізге, ең алдымен, білікті мамандар керек. Білім бағдарламасын жетілдіріп, зерттеу орталықтарын дамытқан жөн. Осы міндеттерді сапалы орындасақ, Әділетті, Қуатты, Таза және Озық Қазақстанның қалыптасуына жол ашамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қоғамдағы еңбек адамының орны туралы пікір білдірді.

– Еңбеккерлік – ең асыл қасиеттің бірі. Мен әр сөзімде осы мәселеге ерекше мән беремін. Маңдай термен келген адал еңбектің қадірін білетін жұрт озық ойлы ұлт болады. Халқымызда «Еңбегіне қарай – құрметі» деген жақсы сөз бар. Еңбек адамы – ел адамы. Еңбек адамы, ең алдымен, туған елінің жарқын келешегі үшін аянбай жұмыс істейтін адам. Сондықтан қазір біз елімізде жұмысшы мамандарын кеңінен дәріптеп, оларға ерекше құрмет көрсетіп жатырмыз. Мен жыл басынан бері еліміздің әр саласында жұмыс істеп жүрген азаматтарды арнайы шақырып, марапаттап жатырмын. Мұны халқымыздың Сіздерге көрсеткен ыстық ықыласы, шынайы құрметі мен алғысы деп түсінген жөн, – деді Президент.

Салтанатты іс-шарада Мемлекет басшысы еліміздің мұнай-газ саласын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

1-бет

СЫРДЫҢ СӘНІ – КҮМІС ДӘН



Дер кезінде қабылданған батыл шешімдер мен жүргізілген келіссөздердің арқасында егін алқаптары сумен қамтамасыз етілді.

Осы сәтте Президентімізге, Үкімет басшысына, құрметті Нұржан Молдиярұлы,

1-бет

сізге және сіз басқаратын ұжымға, Ауыл шаруашылығы, Төтенше жағдайлар министрліктеріне көрсетілген барлық қолдау үшін Сыр жұртшылығының атынан зор алғысымызды, шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ТАПҚЫЛАНДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келген Парламент Мәжілісінің депутаттары Еділ Жаңбыршин, Мархабат Жайымбетов және «Хуанрань Медикал» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы, «Майжикес Инвестмент менеджмент» компаниясының басқарма төрағасы Лю Бо, аталған компанияның төн төрағасы Юй Шимао, «Иньцзян Эко-пром» компаниясының басқарма төрағасы Е Вэйумен кездесті. Кездесуге экологиялық мәселелер арқау болды.

Бұл жиынға сондай-ақ жауапты салалардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың басшылары, халықаралық сарапшылар мен шетелдік компаниялардың өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы өңірдің инвестициялық әлеуетіне, атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Мемлекет басшыларының сарабал дал саясаты нәтижесінде қазақ-қытай қарым-қатынасында сенімді экономикалық серіктестік пен табысты мәдени-гуманитарлық байланыстар қалыптасты.

Қытай Халық Республикасы – Қызылорда облысының ең ірі сауда серіктестестерінің бірі. Өнімімізде кара және түсті металдардың, пайдалы қазбалар мен сирек кездесетін жер элементтерінің қорлары бар. Еліміздегі ваннадий қорының 66%, мырыштың 16%, қорғасынның 11% және уранның 15%-ы Қызылорда облысына тиесілі.

Аймағымыздағы әлеуеті зор 61 инвестициялық жобаның тизерлерін қарастырып, медициналық өнімдер шығаратын өндіріс орнын ашуға шақырамын. Сондай-ақ Қызылорданың құрылыс саласындағы инвестициялық әлеуетін ескеріп, ламинат шығаруға қызғушылық танытудамыз. Облыс әкімдігі қажетті техникалық шарттарды алуға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын, – деді облыс әкімі.

Басқосуда қоршаған ортаны қалпына келтіру, суды тазарту, көтер-

кәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және қайталама шикізат негізінде құрылыс материалдарын өндіру бағытындағы жұмыстар да талқыланды.

Еділ Жаңбыршин қоршаған ортаны қорғау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін және жүйелі бақылауды талап ететінін атап өтті.

Қытайлық компаниялардың өкілдері сөз сөйлеп, қазақстандық кәсіпорындарда инновациялық шешімдер енгізуге, қолданыстағы өндірістерді жаңғыртуға және экологиялық таза технологияларға негізделген жаңа өндірістерді құруға дайын екендіктерін білдірді.

Айта кетейік, 5-6 қыркүйекте Парламент Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті Қызылорда облысы әкімдігімен бірлесіп, жұмыс кеңесін өткізуде. Іс-шараның мақсаты – экологиялық заңнаманың жекелеген нормаларының орындалу барысын пысықтау, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу. Кеңесте Қызылорда облысындағы өзекті экологиялық мәселелер қаралуда.

Мәжіліс депутаттары мен шетелдік қонақтар өнеркәсіптік нысандарды, «Өндіріс» индустриялық аймағын, құрылыс қарқын алған газтұрбиналық электр станциясын аралап көрді.

«СБ» ақпарат

/// ҚАБЫЛДАУ

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТЫНДАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «AMANAT» партиясы облыстық филиалының қоғамдық қабылдау кестесіне сәйкес кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады. Тұрғындар жұмысқа орналасу, тұрғын үй алу және денсаулық мәселелерін көтерді.

Қабылдауға келіп ұсыныс-пікір, өтінішін жеткізушілердің сауалдары назардан тыс қалмайды. Әрқайсысы толық зерттеліп, заң аясында қарастырылады. Кейбір сұрақтар бойынша түсіндірмені мамандар сол жерде берді, бірқатарының шешу жолдары көрсетілді.

Осы жолы қабылдауда болған «Ягодка» саяжайының тұрғыны, жалғызбасты ана саяжайдан алған жер теліміне баспана салу үшін іргетасын құйып беруді сұрады. Аймақ басшысы демеушілер есебінен құрылысты толық салуға көмек көрсетуді тапсырды.

Қызылорда қаласының тұрғыны уақытша баспанамен қамтамасыз ету, немерелерін тегін балабақшаға орналастыру мәселесін қозғау үшін қабылдауға келген. Оған тұрғын үй, жер учаскесі тек заң аясында, белгіленген кезекке сәйкес берілетіні мен міндетті түрде үй кезегіне түру қажет екені түсіндірілді.

Еске салайық, тұрғындар облыс әкімінің, орынбасарларының, жауапты сала басшыларының қабылдауына egov.порталы, e-otinish бірыңғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

Құрметті егінші қауым, баршаныздың еңбектеріңізге сәттілік тілеймін! Алдағы «Алтын дән» мерекесінде зор табыстармен кездесейік! – деді облыс әкімі.

Мерекелік шарада Нұржан Нұржігітов дикандарды құттықтап, вегетациялық кезеңдегі күрделі жағдайға қарамастан жақсы жетістікке жеткеніне ризашылығын білдірді. Қызылорда облысының құрметті азаматы Бекмырза Еламанов бата берді.

Дәстүрлі іс-шарада ала жаздай маңдайы күнге, табаны құмға күйген құрметке лайық еңбек адамдары марапат төрінен көрінді. Атап айтсақ, бірқатар азаматқа Премьер-министрдің Алғыс хаты, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, Құрмет грамотасы, министрдің Алғыс хаты, Су шаруашылығы және ирригация министрлігінің «Су шаруашылығы саласының ардагері» төсбелгісі, Құрмет грамотасы табысталды. Сонымен қатар, облыстың Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

Салтанатты рәсімде ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесі ұйымдастырылып, ауылдың тыныс-тіршілігін бейнелейтін қойылымдар көрсетілді.

Айта кетейік, Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендеуіне байланысты облыста егін шаруашылығында әртараптандыру жұмыстары жанданып, су үнемдеу технологиялары кеңінен қолданылуда.

ТІЛ – ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ

Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай облыс көлемінде ұйымдастырылған онкүндік іс-шараның негізгісі «Тіл – татулық тірегі» атты салтанатты жиын «Достық үйінде» өтті. «Ұлылар үндестігі» атты прологпен ашылған сахналық қойылымда ғұлама Абай мен жасөспірім Ахмет Байтұрсынұлының өзара сұхбаты көрініс беріп, онда ата салтымыз, ана тіліміз тақырыбында тағылымды ой айтылады.

Жиынның ашылуында облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет қала тұрғындарын, зиялы қауымды, тіл жанашырларын ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келген күніне орай жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтетін тіл мерекесімен құттықтады.

– Баршанызды 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесімен аймақ басшысының атынан құттықтаймын. Елімізде атаулы мерекенің осы күні белгіленуінде тарихи үлестік бар. Бұл күн – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деп артына сөз қалдырған ұлт ұстазы, Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.

Биыл тіл мерекесі еліміздің рухани дамуы мен мәдени мұрасын ұлықтау, ел бірлігін нығайту және ел игілігіне қызмет ету тұрғысынан аса маңызды даталармен тұспа-тұс келуде. Атап айтқанда, Қызылорда қаласының астана болғанына, ұлтымызға «Қазақ» атауының қайтарылғанына 100 жыл, қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Тәуелсіздігіміздің тірегі – Конституциямызға және қоғамда тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқан Қазақстан халқы ассамблеясына 30 жыл!

Шын мәнінде Тәуелсіз Қазақстанның тіл саясатында толерантты тілдік орта қалыптастыру отырып, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жоғары басымдыққа ие. Тіл – кез келген ұлттың болмыс-бітімін айқындайтын асыл қазынасы. Елімізде тұратын этностардың тіліне құрметпен қарау, олардың ана тілі мен тұл мәдениетін дамытуға жағдай жасау – мемлекетіміздің маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі, – деді М.Шермағанбет.

Иә, бүгінде елімізде өмір сүріп жатқан 100-ден астам этнос өкілдерінің мәдени дамуына, балаларының өз ана тілінде білім алуына барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, облыста олардың салт-дәстүрлері, тілі мен мәдениеті, этносаралық қарым-қатынасының жарасымды дамуына он бір этномәдени бірлестік белсенді үлес қосып келеді.

Мереке аясында Мейрамбек Зинабдинұлы тіл жанашырлары мен сала мамандарын ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, облыс әкімінің Құрмет грамотасымен және Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ тілдерді дамыту бағытында атқарған жұмыстары мен жетістіктері үшін бес номинациямен әртүрлі сала ұжымдарына марапат табыстады. Оның қатарында татар этномәдени орталығы үздік аталымды иеленді.

Мерекелік салтанат Сыр өнерпаздарының концертіне ұласты.

Ғазиза ӘБІЛДА,

«Сыр бойы»

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жол бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жөніндегі» орналасқандығын және 605401 нөмірі «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.				
Электронды мекенжай: kyz_oblmaslikhat@mail.ru				
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ЛАУАЗЫМ ИЕЛЕРІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ				
Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Глеумбетов Мұрат Жолкелдіұлы	Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы	бейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1	605401
Досжан Жандос Сермағанбетұлы	«Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» ММ басшысы	сейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, №1	605399
Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8 (7242) 605401 байланыс телефоны арқылы хабарласуға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1 мекенжайы бойынша келуге болады.				

/// ТАЛҚЫ



СЫРТТАН КЕЛГЕН КҮРІШ СОРТТАРЫ БІЗГЕ КЕЛЕШЕКТЕ ӨНІМ БОЛА МА?

Сыр өңірінде су тапшылығы жыл өткен сайын күрделеніп барады. Суды көп қажет ететін күріш дақылының көп бөлігі Қызылордада өсетіндіктен бұл мәселе өңіріміз үшін өзекті. Тығырықтан шығудың жолы қайсы? Күріш сортын жаңалау бағытында қандай жұмыс атқарылып жатыр? Қандай кедергілер бар? Осы және өзге де сауалдар бойынша еліміздегі күріш саласын зерттейтін жалғыз мекеме – Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен дөңгелек үстел басында сұхбат құрдық.

Тілші:
– Кейінгі жылдары байқалып жүрген ауа райындағы өзгерістер, одан бөлек су тапшылығы облыста егін шаруашылығын әртараптан-дыруды қажет етіп отыр. Бұл ретте негізгі дақыл егістігінің көлемін белгілі бір деңгейге дейін тұрақтандырып, оның өнімділігін арттыру, суды үнемдеуге мүмкіндік беретін басқа дақылдар көлемін ұлғайтудың маңызы зор. Күріш егуге әбден машықтанған шаруашылықтар мұны қалай қабылдады?

Сұлтанбек ТӘУШБАЕВ, техника ғылымдарының докторы, профессор, Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының басқарма төрағасы:

– 2023 жылы Қазақстан бойынша 100 275 гектар жерге күріш егіліпті. Оның негізгі бөлігі Алматы, Жетісу, Қызылорда және Түркістан облыстарына тиесілі. Былтыр күріш егістігінің көлемі 98 058 гектарға дейін қысқарды. Қызылорда облысында өткен жылы 89 мың гектардан 85641 гектарға, биыл 80 мыңға дейін азайды. Біздің облыс мемлекет саясатына байланысты егін алаптарын жоңышқа, жүгері, қауын-қарбыз, арпа, бидай есебінен әртараптандыру мәселесін жолға қойып отыр. Институттың қалаға қарасты Қарауылтөбе ауылындағы тәжірибе алаңы, «Абзал және К», «Ақжарма-1», «Ақжарма-2», «Жаңа-жол» сияқты ірі шаруашылық өкілдері ғалымдарымызбен ақылдаса отырып, егін алқабында дәнді дақылдарды орналастыру сызбасын жасады. Оны бес жылға бекіттіріп алды. Біз қазіргі күні облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасымен бірлесіп жұмыс атқарып жатырмыз және оны жалғастыра береміз. Мемлекет бекіткен көлемнен артық күріш екпеу керек. Су тапшылығына байланысты саясат сондай, біз сол киындықтардан өттік деп айта аламын.

Шаруашылықтар әртараптандыру саясатын түсіністікпен қабылдады. Әртараптандыру деп отырғанымыз – ауыспалы егін, бұрыннан бар тәсіл. Кестеге сәйкес су бөлініп, егін егілуі керек. Жоғары жаққа судың көлеміне байланысты өтініш беріледі. Осы талапты сақтаған жағдайда мәселе қайталанбайды. Әртараптандыру әдісі бұған дейін айтылғанымен дұрыс қолға алынбаған еді. Әрқайсысы ойына келген көлемге күріш, жоңышқа еккен. Сол олқылықтың орнын толтыру үшін шаруашылық агрономдары біздің ғалымдармен ынтымақтастықта жұмыс істеп келеді.

Тілші:
– Басқа дақылдармен ауыстыру сонда топырақ үшін тиімді ме? Ауыспалы егістің артықшылығын санамалап берсеңіздер.

Камалдин ШЕРМАҒАНБЕТОВ, институттың жетекші ғылыми қызметкері:

– Күріш 100 күн бойы суда тұрады. Соның салдарынан топырақтың органикалық, физикалық құрамы өзгереді. Сондықтан оны жоңышқа, түйе-жоңышқа секілді құрғақ дақылдармен ауыстырып тұру керек. Бірақ шаруашылықтар көп жағдайда бұл талапты сақтай бермейді. Сондықтан топырақтың органикалық құнарлылығы азайып, бір күні одан біржолда айырылып қалуы мүмкін. Әлемдік деңгейдегі күріш шаруашылықтарында биологиялық заттарды топыраққа сіңіріп отыру үрдісі қалыптасқан. Бізде ондай мүмкіндік жоқ. Әртараптандыру арқылы ғана құнарлылығын сақтай аламыз.

Оңтүстік аймақтарда 37,5 пайызға дейін күріш егілетіні айтылып жүр. Бұл – 8 танаптың 3-іне ғана күріш егіледі деген сөз. Қалған танаптарға басқа дақылдар егу керек. Орталық аймақтарда оны 5 пайызға дейін төмендету көзделген. Су тапшылығы кезінде бұған мән бермеуге болмайды. Аймағымыздағы шаруашылықтар 50 пайыз ауыспалы егіске көше, топырақтың құнарлылығын сақтай аламыз. Тағы бір айтарым, күріш егіп, ол шықпай қалып, қамбаны қызылға толтыра алмағаннан гөрі селекционерлер ұсынған ерте пісетін сортты егіп, тұрақты өнім алуға тиіспіз.

Тілші:
– Жақында жаңа сорттың шыққанын айтып сүйіншіледіңіздер. Ол қандай сорт, несімен ерекшеленеді?

Сұлтанбек ТӘУШБАЕВ институттың басқарма төрағасы:

– Бұдан екі-үш жыл бұрын жаңадан сорттар шықты. Ресей, Түркия, Қытай, тағы басқа шетелдерден де әкелінді. Ғалымдар соны лабораторияда тәжірибеден өткізіп көрді. Бұрынғы сорттардың ауру болуына байланысты бізге Қызылорда облысының климатына қолайлы, экологиялық таза сорт шығару туралы тапсырма жүктелді. Барлық сортты былтыр сынақтан өткізу нәтижесінде соның ішінен «Сыр сұлуы» және «Айсара» атты екеуін тандап алдық. Былтыр соны көбейтіп, суперэлиталы тұқым алдық. Биыл «Сыр сұлуын» 240 гектар жерге еккенбіз, жақсы өнім жиналды. Ол 105 күнде, яғни бұрынғы сорттардан 15 күн ерте пісті. Салмағы, түрі жөнінен де еш кемшілігі жоқ. Экология-



Суреттерді түсірген Нұрболан Нұрмаубай

лық тиімділігі жоғары, халық жақсы алады. Бұрынғы сорттарға қарағанда 15-20 тенгеге жоғары. Биыл жаңа сорттан 1300-1500 тоннадай күріш жинауды жоспарлап отырмыз. Күріш егетін шаруашылықтарды осылайша тұқыммен қамтамасыз ету ойда бар. Былтыр диірменге салып тарттырып көргенімізде 55-57 пайызға дейін таза ақ күріш шықты. Бұл – жақсы көрсеткіш.

Тілші:
– Күріш сорттарының өміршеңдігі қандай? Қандай критерийлерге байланысты жаңарып отырады? Бір сортты ойлап табудан бастап оны айналымға енгізгенге дейін қанша уақыт керек? Сорт қандай жағдайда қолданыстан шығады?

Құрманбек БӘКІРҰЛЫ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, институттың бас ғылыми қызметкері:

– Тұқым шаруашылығында сортты ауыстыру және жаңарту сияқты екі үлкен міндет бар. Оның алғашқысы сынақ нәтижесіне сәйкес ескісін салыстырмалы түрде сапасы тәуір және молырақ өнім беретін жанасымен ауыстыруды қамтиды. Ал екіншісінде сорттың және биологиялық сапасы нашарлаған тұқым түрлері жақсысымен ауыстырылады. Бұрын Сыр салысына тән ауру көрсеткіші өте төмен еді. Кейін сырттан күріштің өзге де сорттары әкелініп, түрлі штамптар пайда болды. Оның кесірі барлық күрішке, тіпті ауруға шалдықпайды деп жүрген ресейлік сорттарға да тиді. «Лидер», «Янтарь» сияқты сорттардан тұтынушылардың көбі бас тартып жатыр. Сорт ауыстырудағы бір қажеттілік – осы. Кеңес өкіметі кезінде негізінен өнімнің көрсеткішіне ғана мән беріліп, ауру және тағы басқа жайттарды назарға алған жоқ. Шаруашылықтар өзі өндіріп, өзі саудаға шығаратын болғандықтан имиджін сақтау үшін тек бертін келе сапаны бірінші орынға қоятын болды. Шетелдерде бір сортты 7-8 жыл ғана егеді. Кезекте оны алмастыратын басқа сорттар дайын тұрады. Өйтпесе, сорт азып-тозып, жарамсыз күйге түседі. Ресей сорттарынан мол өнім алуға болады. Бірақ ауруға ұшыраса, қырылып қала-

ды. Ал жергілікті сорттарды шығарғанда ауруға төзімділігі, құрғақшылыққа, жердің тұздылығына бейім болуы ескеріледі. «Сыр сұлуы» секілді ерте пісетін сорттар ауырып үлгермейді.

Сортты жаңадан шығаруға кемінде 12-15 жыл керек. Селекция үздіксіз жүргізілгенде ғана нәтиже береді. Өкінішке қарай өңірімізде кадр және қаржы тапшылығына байланысты кейбір жылдары бұл бастама үзіліп қалған. Институт өкілдері қазіргі күні мәселе шешімін тапқанын, сондықтан сорт шығару ісінде іркіліс болмайды деп сенемін.

Тілші:
– Егін егу барысында шаруашылықтар тыңайтқышты орнымен қолдану, тұқымды дәрілеу, сауықтыру тәріпін қаншалықты сақтап отыр?

Әсет ТОҚТАМЫСОВ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, институттың бөлім меңгерушісі:

– Бұл жерде барлығын мазалайтын бір мәселе бар, ол – қымбатшылық. Күріш ауырмау үшін біз алдымен тұқымды өңдеуіміз керек. Ол үшін қажет препараттар да, тыңайтқыш та өте қымбат. Мысалы, «Аммофос» тыңайтқышының 1 тоннасы 350 мың теңге, аммоний сульфатының бағасы 200 мың теңге шамасында. Біздің топырақ үшін азот және фосфор тыңайтқышы қолданылады. Оны Ресей мен Өзбекстаннан алдырамыз. Ресейден сатып алатын препараттардың жарамдылығы – небәрі 10 күн. Одан кейін қайтадан сатып алып себу керек. Кемінде 3-4 рет әдейді. Қыруар шығын, шаруалар үшін ауыр. Сондықтан жан-жақтан қолдау қажет. Ондай өнім түрлерін өз елімізде де шығаруға мүмкіндік бар. Баға саясаты бақылауда болып, қымбатшылық қолдан жасалмауы керек.

Фосфор тыңайтқышының тоннасы – 350 мың теңге. Сыр өңіріндегі топырақ құрамында фосфор мөлшері жеткілікті, сондықтан «Аммофос» сатып алмай-ақ препаратпен тұқымды өңдеп, топырақтағы фосфорды пайдалануға болады. Екі жыл көлемінде осындай тәжірибені қолданып келеміз. Шаруашылықтарға да ұсынып жүрміз.

Сұлтанбек ТӘУШБАЕВ, институттың басқарма төрағасы:

– Күрішті орып болғаннан кейін келесі көктемге дайындық басталады.

Шаруаларға да, ғалымдарға да жыл бойы тыным жоқ. Күріштің ауруы көбейді. Ресей сорттарының барлығы дерлік дертке шалдыққан. Ресей, Қытайдан келген сорттар бізге келешекте күріш болмайды. Былтыр «Янтарь» ектік. Жайқалып тұрды. Ауырды да үш күнде біраз бөлігі іске алғысыз болып шыға келді. Күйіп кетті. Ресейден дәрі алдырсаң, бағасы ұшып тұр. Шаруалар амалдың жоқтығынан алып себеді. Антимонополия комитеті бағаны реттеуі керек. Тыңайтқыштың, дәрі-дәрмектің бағасы шарықтаса да күріштің бағасы сол қалпы. Өйткені күріштің қажеттілігі наннан кем емес. Ол қымбаттаса, халықтың реакциясы қандай болатынын шамалай берініз.

Алматыдағы микробиология және вирусология ғылыми-зерттеу институты биологиялық таза препараттар шығарып жатыр. Соны кеңінен пайдаланбаймыз. Былтыр біз тәжірибеде

сынап көрдік, тиімділігін бірден байқатты. Фосфобактерин тыңайтқышын былтыр шағын аумақта тексеріп көрдік. Жақсы нәтиже берді. Биыл 500 гектар күріш алқабына түгел пайдаландық. Соның есебінен 40 млн теңге үнемделді. «Аммофос» бізде қат, тек сырттан келеді. Сондықтан шаруаларға мемлекеттен ғана емес, жан-жақтан қолдау керек.

Тілші:
– Күріш өндірісі – өңіріміздегі экспорттық әлеуеті зор сала. Қазақстан халқы тұтынатын күріштің негізгі бөлігін біздің облыс беріп отыр. Сондықтан бұл бағытта жүргізілетін жұмыстың ауқымы да кең, бұған институттың мүмкіндігі жете ме?

Жанұзақ БАЙМАНОВ, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, институттың басқарма төрағасының орынбасары:

– Күрішке жай дақыл емес, мелиоративті дақыл ретінде қарауымыз керек. Біздің өңіріміз тұзды болғандықтан күріш егу арқылы топырақты тұздан шаймасақ, басқа дақыл шықпайды. Ендігі сұрақ: су тапшылығы жағдайында не істеуіміз керек? Суды аз пайдаланатын, вегетациялық кезеңі қысқа күріш түрлеріне басымдық беруіміз керек. Біз сондықтан «Сыр сұлуы» мен «Айсара» сортын ұсынып отырмыз. Күріштің көпшілік үлесі оңтүстік аймақтарға тиесілі. Оны азайтқанда қандай дақылдар егеміз, сол бағытта да жұмыс атқарылып жатыр. Тұздылығы жоғары жерге арпа, бидай, мал азығы түріндегі дақылдар мен кант құмайын егу көзделген.

Сұлтанбек ТӘУШБАЕВ, институттың басқарма төрағасы:

– Ғылымды дамыту үшін материалдық-техникалық, оның ішінде лабораториялық базаны жетілдірудің өзектілігі жоғары. Осыған байланысты мемлекеттік инвестициялық жоба әзірлеп, бірнеше министрліктің келісімін алып, бюджеттік өтініш бердік. Қаржы мәселесі шешілсе, күріші бар, басқа дақыл бар, оларды лабораторияда жыл бойы сынақтан өткізуге мүмкіндік туады. Бұл мәселеде Парламент Мәжілісі депутаттары үнемі қолдау білдіріп отырады.

Сұхбатты жүргізген Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»



/// АТ СПОРТЫ

«...Ат бұлақ басындағы жиналған суды кешіп барып ұсыным жердегі ағып тұрған шүмегінің аузынан ішті. Аузын шәйіп, талмап қайта төгіп, содан соң он бес жұтым су ішті.

Онымен қоймай мойнын қаздай иіп суды алдыңғы екі аяғымен алма-кезек орып, баурына шаша бастады. Сейіс атты құрғаққа шығарып, маған ұстатты. Өзі суланған таза шүберекпен аттың көзі мен танауын, шап, қолтығын жуып, омырауына су бүркіп болып, қолымнан алып қораға қарай жетектеді. Қаракер еңсесін тік көтеріп, құлағын қайшылап ширығып кетті.

Сейіс: – Жануар, дүбірді сезіп дарын тартып тұр! Ал қожа бала бүгінгі ащы тері қалай алынады, ат соған лайық шабыс береді. Аттың ащы тері бойында қалса, қияметте қарызы мойнында қалады.

Сондықтан атаң қазақ қандай жағдай болса да аттың тері мен майын жемеген. Қолға алып талаптанған не нәрсеңе қара қылды қақ жарған әділдік пен

адал еңбек керек...

Ақылын айта жүре атты жабулап, ерттеп, сыртқа шығарды. Ердің басынан ұстап атқа жеңіл қарғып міндім.

Сейіс: – Ал, айналайын, пешенеңді Алла ашсын! – деп бата берді. Сосын...

Сосынғысын атақты жырау Алмас Алматовтың «Қартаңбай сейіс» атты этнографиялық әңгіме желісі

баяндайды. Өткеннің есті естелігі десек те бұл әңгіме өзегінде

«ащы тер», «әділдік», «адал еңбектің» парқы бар. Ол

нені меңзейді?

АЩЫ ТЕР

Ал біздегі жағдай әзір олай емес. Үлкен бір бәйгеде топ жарып келген жылқы онан арғы жарыстарда нәтиже көрсете алмауы мүмкін. Неліктен? Енді қараңыз, шет елдерде арнайы зерттеу, сараптау жүргізетін ұйымдар бар. Сол жүзден жүйрік шыққан тұлпардың тегі қандай, онымен қай биені жұптастыру керек, бәрі-бәрін ғылыми негіздейді. Ал бізде сол баяғы долбар жоба ғана. Статистика жоқ, – дейді «Қазақ жокей клубының» төрағасы. Мақсат Ахаевтың тағы бір пікіріне зер салмақ болмайды.

– Бізде бірінші келген ат мықты. Бәлкім оныңшы келген ат онан да мықты шығар, осы бәйгеде бабы болмай қалған шығар, оған бас ауыртпаймыз. Дәкпырт, данғазаға елеріп кете береміз. Бұл әлі де қараңғылығымыз.

Қазір Қазақстанда санаулы ғана болмаса көп бапкердің мүмкіндігі аз. Here? Өйткені, қалтасы көтеретіндер тәуір ат әкеледі. Оған қолтуманың қарымы жетпей қалады. Сонан келіп қаны жоғары жылқы жұлдызды бола береді. Бұл әділдік пе? Әрине, әділетсіздік.

Жылқы да адам тәріздес. Кейбір бала жасында жасық көрінгенімен есейе келе кемелді ерге айналады. Жылқы да солай. Тайқұнанында танылмай дөнен, бестісінде нағыз жүйрік шығатындар бар. Ғылымға әбден

Біз осылай кете беретін болсақ әлі талай шетелге, әсіресе Англия, Франция, АҚШ, көрші Ресей үшін жұмыс істейміз, – деп бір түйіндеді М.Ахаев.

Айтқандай, «Қазақ жокей клубы» жақсы бастаманы қолға алып отыр. Шетелден қандай да бір таза қанды жылқы келсе оның нақты деректерін құжат арқылы жокей клубының кітабына енгізуге болады. Тіпті онда иесінің ешкімге қарызы жоқтығы, жылқының ауру-сырқаудан аман-дығына дейін дереккөзге алынады. «Бұл ертең үшін керек. Тәртіптің басы. Осылай-осылай сараптама жасалып,

мәселесі көлеңкеде қалып келеді, – деді депутат.

Сондай-ақ заң аясында жалпы спорт бағытындағы жылқы шаруашылығын тұтас дамытуға назар аударылу керек деген ұсыныс айтты.

– Ат спортын дамытамыз дейміз, оны тағалайтын мамандар да дайындамайды. Елде ат әбзелдерін жасайтын ұсталар жоқ. Ер мен жүгеннен бастап бүкіл әбзелді Ресейден әкелеміз. Ат тағалайтын шегенің өзін шетелден аламыз. Сарапшылар ат индустриясының көлеңкелі айналымында 500 млн долларға жуық қаражат жүргенін айтады. Заң жобасына соның бәрін көлеңкеден шығаратындай нормалар енгізілсе деген ой бар. Заң аясында қазаки тұқымға қолдау бергеніміз дұрыс. Алайда заң аясында жалпы спорт бағытындағы жылқы шаруашылығын тұтас дамытуға назар аударылса деген ұсыныс бар, – деген депутаттың сөзін «ҚазАқпарат» келтірді.

АЛАМАН БӘЙГЕ ҚАЗАҚЫ ОЙЫН БА?

Есептеулер бойынша елімізде 4 миллионға жуық жылқы бар. Соның ішінде мыңға жуығы таза қанды түлік көрінеді. «Біз ендігі жерде экспортқа имидж іздеуіміз керек. Әлем көру үшін халықаралық талаптарға сай жұмыс жасауымыз қажет» дейді ендігі бір сөзінде Мақсат Ахаев.

Клуб төрағасының пікірінше, өз елімізде сапалы аукциондар өтуі тиіс. Олай болмаған күнде қазіргі аттардан озатын жылқы тумайды. Тағы бір мәселе – халықаралық талапқа төтеп беретін ипподромдар дайындау. Спортта шанс бірдей болуы қажет. Ал мәдениетті, әділетті бәйге ұйымдастыру экономиканы өзгертеді.

– Жұырда Италияда болдык. 100 мемлекеттен ат спортының мамандары қатысты. Сонда біз қамшының өзін жарты күн талқыладық. Ат ауыздығының өзі сондай уақыт пікір таласқа ұласты. Бізге салса күлкілі шығар, бірақ, қаласаныз да, қаламасаңыз да халықаралық талап қатаң, барынша әділетті ұстанымдарға көшкен. Тіпті қамшының ішіне батарея орнатып, атқа басқанда токпен ұрғандай әсер ететін жағдайды естігенде таңғалдым. Қысқасы, осының бәрі сүзгіден өтіп жатыр.

“ Енді қараңыз, қазір өзбек ағайындар аттың мәнерлі жүрісі (выездка), кедергіден қарғу (конкур) түрлері бойынша олимпиадаларға қатысуда. Сол үшін Франция, Испанияда 300-дей ат дайындап жатыр. Ал біз сол баяғы аламан бәйгенің соңында жүрміз.

Сәтін салып алдағы уақытта халықаралық жокей клубқа өтсек лицензия бере аламыз. Лицензияның пайдасы не? Бұл – көп нәрсенің кілті. Оның пайдасы алдымен біздің небір білікті атсейістер, шабандоздар үшін сыртқа шығып, халықаралық, әлемдік деңгейде танылу болмақ. Оңсыз қанша мықты сейіс не шабандоз болсын шетелде атқора тазалаудан артық еш нәрсеге араласа алмайды. Екіншіден, лицензия арқылы халықаралық жарыстарға, үлкен бәйгелерге шығамыз. Сонда әлгінде айтқан ауқымды аукциондар да өтер еді, елге мықты жылқылар да келер еді, – дейді «Қазақ жокей клубының» төрағасы.

МӘРЕ

Мәре дегеннен шығады, ұмытпасам осыдан екі жылдай бұрын ауданда берілген аста бәйге болды. Көптің шешімімен әуелі сол ауыл-аймақтың тайлары топқа түсіп, жұлде алған жергілікті сейістердің рухы бір көтеріліп қалды. Бұл не үшін? Бұл – сондағы ат жаратқандарға әділ мүмкіндік үшін. Бірақ, мұндай шешім кез келген жерде жоқ. Елдің түкпір-түкпірінен келген аттар аламан, құнан не топ бәйге болсын бәрін өзді-өзді топқа салады да сол бағы қымбатқа келген аттар жұлде алып шыға келеді. Біз қазақ әлі күнге «аламанға пәлен, құнанға түген» ат қатысты деген даңғаз мaktanнның жетегінде жүрміз. Сол аламанға талай күн бейнетін сарп етіп ат қосқан қарапайым ауыл сейісінің жазығы неде? Олар үшін, яғни жаратқан жылқылардың деңгейіне сай неге өзіндік бәйге өткізбеске. Тіпті қазір алдыңғы топты қуып жете алмай, шашырап айналманың әр киырында қалатын бәйгеден сабақ алатын уақыт жетті.

Қазақ сөз жоқ, жылқының жанын түсінетін халық. Сейістік һәм шабандоздық өнердің шынына да шыққан. Солай бола тұра сол сара өнердің актық сынында әділеттік ауытқып, еңбегі еш кетіп жатқан сейіс көп. Біз атсейіс не осы саланың маманы емеспіз, бірақ, етең-жеңді жинап, бәйгеге де әділетті қоғамға ұмтылыстың сәулесі түсуі қажет. Соның бір парасы – ат спортына құжаттандыруды енгізу. Оңсыз бүгінгі бәйгенің «ашы тері» алынбай тұр.

Қуат ШАРАБИДИНОВ,
«Сыр бойы»

Сурет ашық көрсетілген

ҚҰЖАТҚА ҚҰНТСЫЗ ҚАЗАҚ

Заман өзгерді дейміз, бірақ сол заманды құбылтып тұрған адамның амалы, Жасыратын несі бар, кеңестік кезеңнің көбесі сөгілгелі жылқы шаруашылықтарының күйі кетті. Әсіресе, асылтұқымды жылқы зауыттары жабылды, атақты сейістер, ғалымдар, білікті мамандар абдырап қалды. Бірақ, қазақ қанға сіңген қасиетті өнерінен қол үзген жоқ. Қайта ауыл-аймақта көкпар тартып, бәйге беруді үрдіске айналдырды. Нарықтық қатынас асылтұқымды жылқыларды елге жеткізуге жол ашты. Алыс-берістің ашық есігі айналаға көз тігіп, жақсы жылқыларды елге әкелуге мүмкіндік берді. Осының ықпалымен ұлттық ойын айналасында сауда айналымы шарықтап шыға келді. Бірақ...

Бәріне салыстырмалы көзқарас керек. Ұмытпасаныз, осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстанға Ресейдің автокөліктері еркін сатылды. Жергілікті нарықтан төмен бағаға жаппай ұмтылды. Ұмтылдықы та талай дүниеден ұтылдықы. Құжаттың бір жөні болар деп алған кейбір автокөліктер ұрылқы не кепілде тұрған болып шықты. Мұныыз кеше жаппай тіркеуге алынғанда талайды сан соқтырды. Бәрінің артында құжатқа құнтсыздық тұр еді. Міне, ат спортының айналасында да осы мәселе бар. Егер, бәйге аттарына жаппай құжаттандыру жүргізілсе, талай жылқының шыққан жері, тегі белгісіз қалады. Ал құжатсыз өзге елде ат шаптыру тұрмақ қарасын да көрсете алмайсың.

АТ ҚОСҚАНЫҢ БӘРІ СЕЙІС ЕМЕС

Шындығы солай. Қазір ат спортының айналасындағы көп құндылық өзгерген.

– Кей кісілер ат сатып алып, бәйгеге қосып, нәтиже көрсетіп жатса өзін атсейіс санайды. Олай емес. Атсейістік – үлкен өнер. Асқан ықпалдылық, табандылық, сабырлық, құштарлық қажет, – дейді «Қазақ жокей клубының» төрағасы Мақсат Ахаев. – Ат спортында алдыңғы қатарда жүргендер еліне атақты бие келсе ол үлкен әлеует, жаңалық санайды. Онан кейінгі бір ерекшелік – сырттан келген аттарды жарысқа қостырмайды. Тек қол-тумаларды шығарады. Солардан шыққандарын өзге елге жарысқа апарды.

Қазақтың жадында, ұстанымында «Аламан», «Құнан», «Топ» деген бәйге түрлері бар. Бірақ оған еуропадан мейлінше арзан аттар әкеледі. Ал классикалық бәйгенің аттары оларда қымбат. Ұзаққа шабатын аттары тіпті қымбат. Сондықтан біздің деңгейіміз төмен. Біз көрші Ресейдің аттарын ұта алмаймыз, өйткені сол Ресейдің өзінен алып отырмыз. Егер жылқы

нәрленіп өскен ел осындайдың бәрін түртіп, сараптап, таразыға тартып отырады.

Мысалы, өткен жылы «Кабирхан» шапқан шешуші бәйгеде жеке келген ат бұған дейін бар болғаны екі-үш бәйгеге қатысқан. Кейінгі екі-үш жылда мүлде топқа түспеген көрінеді. Сонда оның деңгейін қалай білді? Міне, терең талдаудың нәтижесі. Статистика деген сол.

“ Бәрін білемін деген адам өтірік айтады. Менің білетінім алда, соны үйренемін деген адам дұрыс адам. Солардан ақыл сұрау керек.

Атсейістік деген сатып алып ат қосу емес. Өзінен өсіріп, өзінен шығарып, өзінен жаратып, мың құбылмалы өте нәзік әрі күрделі өнердің ыстық-суығына көнген әрі нәтижесін көрген адамды атсейіс деуге болады. Сатып алып атсейіс не ат иесі атана бересіз, бірақ бәсекеге төтеп беретін нағыз сейіс атану қиын.

алмайды. Өйткені, өзге атқа бәс тігіп, өзі мінген атты іркіп қалуы ғажап емес. Егер ондай арам ниет байқалып жатса, сөзсіз лицензиядан айрылады. Міне, бұл да тәртіп!

ТАҒА ШЕГЕСІ ШЕТЕЛДЕН КЕЛЕДІ

Жасыратын несі бар, біз көп жағдайда тұтынушы қоғамға айналып алдық. Тіпті ат тағалайтын шегенің өзін шетелден алдыратын күйге келдік. Бұл мәселені кезінде Мәжіліс депутаты Қазыбек Әлішев көтерді. Сонда ол спорттық бағыттағы қазақы жылқы санын көбейту бойынша заң жобасын талқылау кезінде жылқы шаруашылығындағы елеусіз қалып келе жатқан мәселелерді қозғаған еді.

– Ат спорты индустриясын дамыту бағытында білім саласындағы заңға да өзгеріс енгізуіміз керек. Себебі ат спортында біз ғылымсыз ешқандай жетістікке жете алмаймыз. Мамандар тәрбиелеу мәселесі, бапкер мен шабандоз дайындау мәселесі бар. Шабандоз балалар салмағы 40 келіден асқаннан кейін ешкімге керексіз болып қалады. Әрі қарай оларды ат спортының маманы ретінде дайындау

АЙДЫНДЫ ЖЫРДЫҢ АЙНҰРЫ...



Жыр – көнеден келе жатқан киелі өнер. Ал оның иесі болу екінің бірінің қолынан келе бермейтіні нәм бағына бұйыра салмайтыны ақиқат. «Кие біткен адамға, дүние бітпейді», дегенді оқығанымыз бар еді. Әсіресе өмірден қыршын кеткен жандар жайлы еске алсақ кие қонған өнер иелерінің расымен де дүние жайында ойламағанын айқын аңғарамыз.

Сыр сүйелерінің заңды жалғасы, терең жырдың арнасы Жиенбай жыраудың немересі, Үрістембек жыраудың бел баласы 1946-1973 жылдар аралығында өмір сүрген небәрі 27 жасында жыр жұлдызындай ағып түскен, қазақтың күміс көмей Көшеней атанған жырау Көшеней Рүстембеков еріксіз еске түседі. Көшеней жайында белгілі режиссер Болат Мансұров өзінің естелігінде: «Көшеней Рүстембеков өшіп бара жатқан жыраулық өнердің қайта өрлеуіне тың түрткі болды» деген болатын. Шындығында киелі өнердің жалғасып, үзілмеуіне Көшеней жырау себепші болды. Өнердің өлкесі жыр жұлдызының ағып түскенін күні бүгінге дейін еске алып, жадынан шығарған емес. «Жаксының аты өшпейді, Дүниеден ерте көшкенмен» деп Сейітжан ақын жырлағандай, өз перзенті халық жадында мәңгі сақталады. Көшекеннің кейпіне еніп, Қорқыт баба қобызының сарыны мәңгіге қалған киелі Қармақшылдан шыққан, бар-жоғы 22 жасында сұм ажалдың қармағына ілінген жалынды жас жыршы Айнұр Ешбаева болатын.

Айнұр Ешбаева Жосалы кентінде 1975 жылдың қыркүйек айының 9 жұлдызында қарапайым отбасында дүниеге келген. Өзінің жыр бастауында: Сұрасан руым Алаша, Тарихы терең тамаша. Жырау бабам Күндебай, Макам мен сазы жаңаша. Ұрпағы соның Айнұрмын, Шығады терім таң аса. Жақұтын жырдың жинайын, Бал жинаған араша. Есімі Бостан әкемнің, Сүйреді алға шанаша. Анамның аты Катима, Көз тойған көркі қараса. Нағашым Алтын Мәметек, Түйесін сояр қаласа, – деп, топқа кірерде бала болса да, көне жыраулардың сарынымен тектіліктің туын жықпай жырмен жорғалатып, мақпал мақамымен иіріп салар талантқа тән құбылыс еді.

Айнұр Бостанқызы шын мәнінде киелі өнердің жаңа жанған жұлдызы еді. Ес білгені ата жырға құштар болуы тегін емес. Кешегі Нартайдың жанында жүріп, жыр жырлаған Күндебай Алдоңғаровтың ұрпағы. Ата-анасының төр қонақтары Қали Шыңғысов, Шәмшат Төлепова, Сантөре Пірманов, Бидас Рүстембеков, Бейбіт Ахметов, Алтай Үсенов, Қуан Байқожаевтар сол кездегі шоғырлы өнердің зиялы қауымы еді, қарашаңырақта бас қосып, талай-талай өнер мерекесін жасады. Айнұр өнер өлкесіне осылайша өз қосын тікті. Өнердің өз адамы болды. Жырау Бидас Рүстембековтен дәріс алып, Жиенбай жырау мектебінің қорнекті өкіліне айналды. Жыр анасы атанған Шәмшат Төлепованың көзі тірісінде бағасын алып, екіпші Шәмшат деп те аталып жүрді. Қармақшының қарлығашы ұядан ұшып, 1990 жылы Қызылорда қаласына келді. Қазанғап атындағы музыкалық колледжінің күй класына оқуға түсіп, белгілі күйші Ерболат Мұстафаевтан дәріс алып,

1994 жылы тәмамдаған. Жанына жырға, күйге, әнге құштар жандар жиналды. Көпшіл, қамқор, думаншыл Айнұр Ешбаева бір сәт жолыққан жанның жадында мәңгі қалған. Онымен сапарлас, аралас, жұмыстас тіпті өмірінде бір көрген жандар естелік айтып тауыса алмайды. Себебі бойына біткен өнерді бағалағанға иіле алған жан.

Аз өмірінде облыстық халық шығармашылық орталығында, Қызылорда телеарнасында қызмет атқарған. Оның жыр қорында Сыр сүйелері Ешанияз салдан бастап, Базар жырау, Омар ақын, Тұрмағамбет, Кете Жүсіп, дүр Оңғар, Сейітжан, Жиенбай жыраулардың шығармалары орын алды. Сәбит Дөнентаевтің «Талап» деген толғауын ерекше шабытпен орындайтын. «Қарлығаш пен Дәуіт» мысалын, «Көрұғлы» жырын, Тұрмағамбеттің «Рауа бану» дастандарын мың құбылта, көне жыраулардың тылсым тынысымен орындағанда, қалың тыңдармен бөлек әлемге енгендей кейіпте болатын. Ұстазы Бидас жырау әр мақамның ерекшелігін ұғындыра отырып, орындаушылық шеберлігін шындай, бойындағы талантты аша білген қас шебер. «Тоғыз ұлым бір төбе, Ер төстігім бір төбе» демекші ол Айнұр жайлы сөз қозғалса, жанарына жас толады. Айнұр Ешбаева киелі жыраулық өнер арқылы елге танылды. Еліміздегі өткен неше дүркін байқауларда жүлделі орындарға ие болды. Кеңшілік Мырзабековтің «Көз алдымда тұрсын сен...» сөзіне жазылған Айнұр Ешбаеваның әнін уақытында Мақпал Жүнісова, Елена Әбдіхалықова орындап кеңінен таратса, кейіннен Эльмира Қанатбаева бейнебаян түсіріп көпшілікке ұсынды. Бойын жасырып жүріп, топқа түскенде қара ілестірмей кететін жүйріктігін мойындатқан Айнұр жолдасы Рахматтула Жолтаевпен бірге жол апатына ұшырап, шілінгір шілдеде Шнелінің жерінде 22 жасында қапыл дүние салды. Туған жері де, келін боп түскен елі де есімі ардақтап, еске алу кештерін өткізіп келеді. Осы жылы Айнұр Ешбаеваның 50 жылдығына орай облыстық филармония жанынан құрылған Жыраулар үйінде «Айдынды жырдың Айнұры» атты және Қармақшы аудандық Көшеней Рүстембеков атындағы Жыраулар үйінің ұйымдастыруымен «Жақұтын жырдың жинаған» атты еске алу шаралары өтеді.

1996 жылы «Сыр күмбез» атты бағдарламада журналшы Несібелі Рахметоваға берген сұхбатында өнерге ізінен ерген сіндісі Айгерім келе жатқанын айтқан. Бүгінде жырау Айгерім Ешбаева топқа түсіп төселген өнерпаз. Жүз жырау шыққан елде Шәмшат апамыздың шырақшысы, Айнұрдың көзіндеі болып жыраулық өнерге қызмет етуде. Жасынан жанына еріп, еркелеп өскен сіндісі Назерке Бостанқызы облыстық жыраулар үйінде қызмет жасауда. Осылайша оның өнердегі құмыры жалғасуда.

Серік ЖАҚСЫҒҰЛОВ,
жырау,
ҚР мәдениет саласының үздігі

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КЕЙБІР ШЕШІМДЕРІНІҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ

ЖОБА

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы _____ **Аты-жөні** _____
Қызылорда облыстық мәслихатының
2025 жылғы «__» _____ №__ шешіміне
қосымша

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛҒАН КЕЙБІР ШЕШІМДЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

1. «Қызылорда облысында ортақ су пайдалану қағидаларын белгілеу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 334 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6851 болып тіркелген);

2. «Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі №334 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 29 мамырдағы №436 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7518 болып тіркелген);

3. «Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың

қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 334 шешіміне толықтыру енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 334 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8225 болып тіркелген);

4. «Қызылорда облысында ортақ су пайдаланудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 17 шілдедегі № 334 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 қазандағы № 56 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8462-11 болып тіркелген).

АТА-АНА САЛҒАН АРДАҚТЫ ЖОЛ



Әкем Мұстафа Құлтанұлы 1929 жылы 29 мамырда Шиелі ауданында дүниеге келген. Әкесі – Құлтан, анасы – Қалқұл. Ағайынды үшеуі: Әбдраман, Гүлсім, Мұстафа.

Атамыз Құлтан егін егіп, мал шаруашылығын дөңгеленткен. Ырыс-берекесі ұрпағынан-ұрпағына берілген. Әжеміз Қалқұл бала тәрбиесіне де, үй шаруасына да өте мықты болған. Шаңырақтың ырысы мен берекесі сол кісінің қолында еді.

Мұстафа әкеміз жастайынан оқу оқыды. Қызылорда қаласында ауыл шаруашылық техникумының агрономдық бөлімін ойдағыдай бітірді. Сұлтобенің «1-Май» бөлімінде бастап, көп жыл агроном болды. 1953 жылы Тартоғай ауылында агрономдық жұмыс жасады. 1975 жылдан бастап, ауылдық советте бас бухгалтер болды. Қызметін адал атқарды. Мектеп,

балабақша қисаптарын өте сауатты есептеді. Барлық ісіне тиянақты зор жауапкершілікпен қарады. Зейнетке шыққанша абыроймен халыққа қызмет жасады. Адал қызметінің арқасында халықтың алғысын алды. Ұл өсірді, қыз өсірді. Барлығын өз ұяларына қондырды. Балалары бір-бір шаңырақ иесі болды. Ұрпағы өсіп үлкен әулетке айналды.

Немере-шөбере сүйді. Шөберенің қолынан май жалады. Қазір 50 шақты немересі бар, 20-дан астам шөбере бар. Әкем домбырада күмбірлетіп күй тартты. Күйші еді. Жұмыстан келгенде домбыра шертіп отыратын. Мандалинде керемет ойнайтын. Бойында осындай өнері де бар еді.

Өте ұқыпты киінетін. Женгелері «басында шляпа, үстінде плащ» деп әзілдейтін. Ара-тұра әзіл айтып, күлдіріп те қоятын. Айта берсек

әкеміздің тек жақсылығын көрдік. Абыроймен зейнетке шықты.

Анамыз Күлжәмила Ысқаққызы 1932 жылы 1 наурызда Шиелі ауданында дүниеге келген. Әкесі – Ысқақ, анасы – Өшіркүл. Нағашы атамыз Ысқақ елге сыйлы, дініне берік, молда болған ардақты жан. Ол арабша сауатты, ілім-білімге жетік, дін жолын терең меңгерген кісі еді. Шаригат қағидаларын ұстанып, артындағы ұрпаққа имандылық пен парасаттың үлгісін қалдырды. Нағашы әжем Өшіркүл он саусағынан өнер тамған ісмер жан. Қамзол, шапан, ішіктерді тігіп, бүкіл елге танылған шебер болған. Осы өнер анамызда да бар еді. Бау-басқұр, кілем тоқып, бөкебайдың жіптерін иірген. Өте ақылды, жігерлі, мейірімді, іскер, адал, асыл ана еді. Қанша жақсы сөз болса соған лайық ардақты жан. Мектеп-интернатта еселі еңбек етті. Балаларының жарқын болашағы үшін тынбады.

Сауда саласында да жұмыс істеді. Істеген әрбір ісі балаларына өнеге болды. Себебі анамыз өте еңбекқор жан еді.

Асыл анам мен ардақты әкемнің арқасында жетілдік. Барлығымызды ауызбіршілікте болуға тәрбиеледі. Өнегелі тәрбие мен тәртіпті ұрпаққа жалғастыруды ұқтырды. Адамды қадірлеуді, құрметтеуді, сыйлауды біздер ата-анамыздан үйрендік. Адамгершілікті бойымызға таратты. Жақсы тәрбие болашақ ұрпағымызға негіз болып қаланды. Бұл әулеттің ұстанымына айналған игі жол.

Күләнда ҚҰЛТАНОВА

ЖАРҚЫН БЕЙНЕҢ ЖАДЫМЫЗДА САҚТАЛАДЫ

Әулетімізде үлкенге іні, кішіге үлгі тұтар аға, ағайынның ортасында ауызбіршіліктің ұйтқысы бола білген, балаларының қамқорәкесі, отбасының тірегі, асыл жар Үйсінбаев Кенжебай Ыбырайханұлы осыдан бір жыл бұрын дүниеден озған еді.

Кенжекең 1949 жылы Сырдария ауданы, 1 Мамыр ауылында дүниеге келген. 1966 жылы ауылда 10 жылдықты аяқтап, 1971 жылы Қызылорда политехникумында білім алып, механика бөлімін тәмамдады. 1979 жылы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын инженер-механик мамандығы бойынша бітірген. 1980-1990 жылдары ХРО МТС-те құрал-сайман жабдықтау бөлімінде бас инженер, 1990-1998 жылдары СМП-510 мекемесінде бас механик, 1999-2003 жылдары «Қызыл Ай» қоғамында үйлестіруші, 2003 жылдан зейнетке шыққанша СМП Қызылорда мекемесінде бас механик әрі бастаушы ардагерлер кеңесінің төрағасы болып абыройлы қызмет атқарды. Ұжым-



дастары ортасында өзінің білімділігімен, ақыл-парасатымен, биік адамгершілік қасиетімен сыйлы болды. Еңбек жолындағы ең жоғары баға – халықтың құрметіне, елдің алғысына бөленген жан еді. Бауы-

рымыздың атқарған еңбегі ескерусіз қалмай, Қызылорда облысының құрметті ардагері, «СМП Қызылорда ЖПС – 60жыл», «Қызылорда қаласына – 200 жыл» мерейтойлық медалімен марапатталған.

Зайыбы Роза екеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, жан-жақты білім беріп, немере сүйген сүйікті ата болды. Ортамызда әдемі дауысымен ана туралы әндерді, әсіресе «Аралдағы жөнешем» әнін нақышына келтіріп орындайтын еді. Кенжекеңнің жүрегімізге ұялаған жарқын бейнесі, көрікті мінезі естен кетпек емес. Шүкір, артында өсіп-өнетін ұрпағы бар. Ұрпағы барда бауырымыздың есімі ұмытылмақ емес. 7 қыркүйекте жылдық асын өткізіміз деп отырмыз. Оқылған Құран қабірін нұрландырып, жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын деп тілейміз.

Еске алушылар: бауырлары,
туған туыстары атынан
Жалғас МЕДЕТБАЙҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Байкен-У» ЖШС 15.10.2025 ж. сағат 15.00-де Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Байкенже а.о., Байкенже ауылы, Қ.Сіргебайұлы к., 5 (ауылдық клуб) мекен-жайында «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Хорасан-2 кенішіндегі геотехнологиялық полигонды кеңейту» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Географиялық координаттар: 43°48'38"Е, 66°51'51"Б.
Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/8207751165?pwd=M3grbHhFRXU5RWJzRFhXcnpGb-kZFZz09&omn>. Идентификатор: 820 775 1165. Күпиясөз: 123456.

Тапсырыс беруші: «Байкен-У» ЖШС, БСН: 060340009857, мекен-жайы: Қызылорда қ., Желтоқсан қ., 12 ғимарат, тел.:

8-7242-55-11-40.

Әзірлеуші: «СтройРекламПроект» ЖШС, БСН:040440005636, мекен-жайы: Ақтөбе қ., Жамбыл қ., 81, тел.: 8-7132-90-82-41.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabiga>» сайтында танысуға болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 8-7242-60-53-62, prd@korda.gov.kz.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ prd@korda.gov.kz қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Байкен-У» сообщает, что в 15.00 ч. 15.10.25 г. по адресу: Кызылординская область, Жанакорганский район, Байкен-женский с.о., с.Байкенже, ул.К.Сиргебайұлы, 5 (сельский клуб) состоится общественные слушания в форме открытого собрания по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Расширение геотехнологического полигона на руднике Хорасан-2 Жанакорганского района Кызылординской области».

Географические координаты: 43°48'38"С, 66°51'51"В.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us05web.zoom.us/j/8207751165?pwd=M3grbHhFRXU5RWJzRFhXcnpGb-kZFZz09&omn>. Идентификатор конференции: 820 775 1165. Код доступа: 123456.

Заказчик: ТОО «Байкен-У», БИН: 060340009857, адрес: г. Кызылорда, ул.

Желтоқсан, здание 12, Тел.: 8-7242-55-11-40.

Разработчик: ТОО «СтройРекламПроект», БИН: 040440005636, адрес: г.Актобе, ул.Джамбула 81, тел.: 8-7132-90-82-41.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabiga>».

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области, 8-7242-60-53-62, prd@korda.gov.kz.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественного слушания на портале <https://ndbecology.gov.kz/>, а также электронную почту: prd@korda.gov.kz.

МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илес-басвич (лицензия №13019285, 12.12.2013 ж.) 2025 жылдың 18 мамырында қайтыс болған азаматша Оспанова Ишанкулдың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарлауын сұраймыз:

Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ТҰҒЫРЫ, ЕЛДІКТІҢ ӨЗЕГІ



Ең алғаш 1989 жылы 22 қыркүйекте елімізде «Тілдер туралы» заң қабылданып, 1998 жылдан бастап осы күн мереке ретінде тойланып келген болатын. Ал 2017 жылдан бастап Үкімет қаулысымен, «Тілдер күні» 5 қыркүйекке ауыстырылды. Ұлт ұстазы, қазақ тіл білімінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келген бұл күні елімізде Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі аталып өтеді.

Қазақстан халқы тілдері күні облыс көлемінде кең ауқымда аталып өтеді. Айталық, онкүндік аясында ұйымдастырылып отырған мерекелік бағдарламаларда тілдің қоғамдағы орны мен маңызын насихаттайтын мәдени-танымдық кездесулер, дөңгелек үстелдер, әдеби кештер мен жастарға арналған түрлі байқаулар өткізілуде.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында БАҚ өкілдерімен кездескен облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов және Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ҚБ облыстық филиалының төрағасы Абайбек Жүнісов аталған мерекенің түпкі мазмұнына тоқталып, тілге деген құрмет әрбірміз үшін адами борыш екенін атап өтті.

– Биылғы Тілдер мерекесі халқымыздың рухани дамуы мен мәдени мұрасын ұлықтауда аса маңызды тарихи кезеңмен тұспа-тұс келіп отыр. Атап айтар болсақ, биыл қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл әрі ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы, Тәуелсіздігіміздің тірегі – ҚР Конституцияның 30 жылдығы және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы. Мұның барлығы тіліміздің мәртебесін, ел бірлігінің берік негізін айқындайтын аса маңызды оқиғалар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауларында және Ұлттық құрылтай отырыстарында мемлекеттік тіл мәселесіне үнемі назар аударып келеді. Президенттің «Қазақ тілі уақыт өте келе этносаралық қарым-

қатынас тіліне айналады» деген сөзі – баршаға үлкен бағдар. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттың тұғыры, елдіктің өзегі, болашаққа аманат.

Тілдер мерекесі – Қазақстанда тұратын барлық этнос өкілдерінің ортақ мейрамы. Бұл күні әркім өз ана тіліне құрмет көрсетіп, мемлекеттік тілді дамытуға үлес қосудың маңыздылығын сезінеді. Осы мақсатта облыста арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, 2-11 қыркүйек аралығында онкүндік жарияланды. Оның алғашқы күні «Тіл болашағы балабақшада» тақырыбымен басталып, бүлдіршіндерге арналған акциялар өтті. Ал негізгі салтанатты жиын 5 қыркүйек күні «Достық үйінде» ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, онкүндік аясында шығарма, эссе, бейнероликтер байқаулары, дөңгелек үстелдер, көрмелер, пікірталастар мен мәдени шаралар өткізіледі. Әрбір күнге мазмұнды тақырыптар бекітілген. Жалпы, тіл саясатын жүзеге асырудағы жұмыстар тек мереке аясында ғана емес, жыл бойына үздіксіз жалғасады. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, оны ғылым мен білімнің тіліне айналдыру – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі, – деді Руслан Мұхамедәліұлы.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы ҚБ облыстық филиалының төрағасы Абайбек Жүнісов бұл мереке еліміздегі әрбір азаматтың ана тіліне, мемлекеттік тілге деген құрметін арттыруға, көпұлтты Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға бағытталған аса маңызды

күн екенін айтып, бұл орайда филиал тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарды назарға ұсынды.

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге, мәртебесін арттыруға және жастарға ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше назар аударып келеді. Осы мақсатта жыл басынан бері өңірде көптеген мәдени-рухани, танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Әсіресе, мектептер мен жоғары оқу орындарында түрлі байқаулар, әдеби кештер, шығармашылық кездесулер өткізілді. Сондай-ақ тілдің қоғамдағы рөлін арттыруға бағытталған дөңгелек үстелдер, ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар ұйымдастырылып, зиялы қауым мен жастар арасында қызу пікір алмасулар жүргізілді. Жыл бойы атқарылған іс-шаралар мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, ұрпақ санасында ұлттық құндылықтарды бекітуге, жастардың рухани танымының артуына айрықша үлес қосып отыр. Сонымен қатар этностар арасындағы татулық пен өзара түсіністікті нығайтуға да ықпал етуде.

Биылғы мереке аясында И.Әбдікәрімов атындағы политехникалық жоғары колледжінде «Бір шаңырақ астында көп тіл, ортақ жүрек» атты тілдер фестивалі өтеді. Бұл фестивальде ұлттық мәдени көрмелер, әр ұлттың салтанатты шеруі, концерттік бағдарламалар ұсынылып, ән-жыр орындалады. Бұл – көпұлтты еліміздің бай рухани мұрасын танытып қана қоймай, жас буынның бойында достық пен сыйластық құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Бүгінгі және алдағы шаралардың барлығы мемлекеттік тілді дамытуға, жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге, этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған игі істердің жалғасы болмақ. Алдағы уақытта да Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының облыстық филиалы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытындағы жүйелі жұмыстарды жалғастыра береді, – деді Абайбек Талғатұлы.

Жиын соңында журналистер сауалына жауап берген спикерлер мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге бағытталған іс-шаралар тек атаулы күнде емес, жыл бойы тұрақты түрде жалғасын табатынын айтты.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**

АУЫЛҒА БАРАМ...

Сырдария ауданы әкімдігінің қолдауымен «Жетікөл» ауылдық әкімдігінің бастамасымен «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығында «Сұхбат TIME» жобасы аясында «Ауылға барам...» атты іс-шара өтті. Бұл шараға «Жетікөлдің» төл перзенті, Сыр бойына белгілі қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Сыр медиа» ЖШС ардагерлер ұйымының төрағасы Кенжалы Ерімбетов шақырылды.



Кешке «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаев, Қызылорда қалалық Варшава келісімшарты аясында құрылған әскерилер тобында борышын өтеген ардагерлер қоғамы директорының орынбасары Сексенбай Райымбеков, «Жетікөл» ауылдық округінің әкімі Өмірбек Токпамбетов және ауыл тұрғындары қатысты.

Аталған іс-шараны «Жетікөл» ауылдық клубының директоры, Сыр бойына танымал жырау Алмат Өтеуов ашып жүргізді. Алғы сөз «Сыр медиа» ЖШС бас директоры Марат Аралбаевқа берілді.

– Құрметті ауылдастар мен кешке келген қадірлі қонақтар! Бүгін біздің әріптесіміз, ардагер журналист, ақын Ерімбетов Кенжалы ағамызды сұхбат алаңына шақыргандарыңызға өз атымынан рақметімді айтамын. Ауыл бұл – дарындылар мен танымал тұлғалардың мекені. «Жетікөлдей» шағын ауылдан республикаға танымал тұлғалардың шыққанын өздеріңізден естіп, біліп жатырмыз. Осы кісілерге қарап, бүгінгі ауыл жеткіншектері бой түзеп өсері анық. Біз де ауылдан шықтық. Сол ауылдағы «өнегелі ағалардай болсақ» деп қызыға қарап өстік, жетілдік. Ұрпағымыз бүгінгідей әлеуметтік желіге телінген заманда, осындай іс-шаралардың жиі өткені дұрыс деп есептеймін. Балалардың телефонына ақша салып, Тик-ток қаратып көздерін талдырғанша, Ұлы Абайдың: «Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым, ойлап қой, бес асыл іс, көңсеніз» деген ұлағатын бүгінгі ұрпақ санасына сіңіре білсек, олардың сана-сезімі жанарып, өмірге деген көзқарасы жаңаша қалыптасары анық. Міне, сонда адал азаматтардың қатары артып, әділетті қоғам қалыптасады деп ойлаймын, – деді Марат Жайылханұлы.

Мұнан соң сахна төрінде Кенжалы Ерімбетовтің өмір жолы жайлы видеоролик көрсетіліп, еркін сұхбатқа

жалғасты. Іс-шараға жиналған қауым естеліктерін бөлісті. Көл жағасында тұратын қайықтардың тағдыры баяндалып, бүгінде оның келмеске кеткені жайында терең ой қозғалды. Көл жағасын алпақ сор басқаны жүрекке салмақ түсіретінін ақын өз өлеңінде жеткізе білген. Кеш кейіпкері бір кездегі соғысқа қатысқан ауыл қарияларын еске алып, олар жайлы сағынышты өлеңін оқыды.

Сұхбат барысында адамгершілік қасиет, туған жерді сүю, туған ауылды қолдау, ұлттық құндылықтар, парасат пен салауаттылық, отбасылық сыйластық, тәрбие мен тәлім, балаларды сапалы білім алу мен кітап оқуға көңілдерін аудару туралы, иман мен иба жайлы жан-жақты ойлар ортаға салынды.

«Сұхбат TIME» жобасында оқушылар ақынның өлеңдерін оқып, туған жерді сүю туралы көзқарастарын айтып, пікір алмасты. Ауыл тұрғындары атынан еңбек ардагерлері Роза Айтмағанбетқызы, Клара Наурызбаева және Дастан Салмұрзаев сөз сөйлеп, бүгінгі сұхбаттың өте мәнді өткенін айтып, кеш қонақтарына алғыс білдірді. Мұнан соң ауыл тұрғыны, ардагер-ұстаз Гүлсім Жакенова Кенжалы Ерімбетовтің иығына шапан жауып құрмет көрсетті.

Жылы жүзделу арасын ауыл өнерпаздары әнмен өрнектеп отырды. Алдағы уақытта мұндай іс-шаралар жалғасын табатынын жеткізген ауылдық округ әкімі Сырдария ауданы әкімі Б.Сәрменбаевтың Алғыс хатын табыстап, ақынға шапан жапты. Кездесу соңында ардагер-журналист, ақын Кенжалы Ерімбетов «Сыр медиа» ЖШС ұжымы атынан «Мектепке қол» акциясы аясында мектеп оқушыларына арналған оқу сөмкесі мен құрал-жабдықтарын тарту етті.

«СБ» ақпарат

«ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫНЫҢ» ҚОЙЫЛЫМЫ

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрдың кіші залында белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қасымхан Бегмановтың «Ұр тоқпақ» қуыршақ спектаклі сахналанды. Спектакльдің режиссері Еркебұлан Қабдыл.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті арқылы жеткен ертегілерінің бірі – «Ұр тоқпақ». Оқиғасы қызық, тәлімі терең хикаят. Халықтың арман-қиялынан туған десек те, астарында әділдік, адамгершілік ұғымдары жатыр.

Бүгінде «Ұр тоқпақ» ертегісі балаларға арнап сахналанатын танымал қойылымдар қатарында. Театр жанындағы «Қуыршақ тобының» бүлдіршіндері қойылымды түрлі бейнелі қуыршақтармен, қызықты музыкалық сүйемелдеумен көрсете отырып, кішкентай көрермендерді ертегінің тәрбиелік мәнін түйсінге білуге шақырды.

Расында, қым-қуыт оқиғасымен елітіп әкететін қызықты ертегіні балалар ынта қойып тамашалады. Ал қуыршақ кейпіндегі кейіпкерлер өздеріне тиесілі рөлді сәтті ойнап шықты.

Оқиға желісінде кедей шалдың тұзағына ілініп қалған қаздың жай қаз емес, данышпан Қазбай болғаны бас кейіпкердің өміріне тосын өзгеріс әкеледі. Ол өзін тұзақтан құтқарғаны үшін шалға үш қасиетті зат сыйлайды. Олар – «Піс, қазан», «Құс, есек» және «Ұр, тоқпақ!». Бұл үш заттың ерекшелігі сол, бұйрық берілсе



болды, қас қағымда орындайды.

Шал жолаушылап келе жатқанда, жолында кездескен пияғлы бөтен адамдар оның аңқаулығын пайдаланып, әлгі бұйымдарды ұрлап кетеді. Алайда «Ұр, тоқпақтан» әбден таяқ жеген олар алған заттарын дереу иесіне қайтарады. Осылайша оқиғаның бас кейіпкері мұратына жетеді.

Ертегінің түйіні – қайырымдылық, әділдік, адамгершілік. Бір сөзбен айтқанда, балаларды осындай жақсы қасиеттерге жетелейді.

Спектакльдің қоюшы суретшісі және костюм жөніндегі суретші Нұрхат Иманғалиев, қуыршақтарды дайындаған Николай Прокурин, Жандос Сарпеков, Болат Аманқұлов. Музыкамен көркемдеген Нұрсұлтан Төрәлі, балетмейстері

Маржан Әбішева, режиссердің ассистенті Нұрбек Ерден.

Шығармашылық топтың еңбегімен дайындалған қойылым балаларға ерекше әсер сыйлады.

**Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»**



www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел.: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

<https://twitter.com/syrboyi>

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1038)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.